| | |
|---|---|
| **ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ** | **ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ** |
| **АЯГӨЗ АУДАНЫНЫҢ** | **АКИМАТ** |
| **ӘКІМДІГІ** | **АЯГОЗСКОГО РАЙОНА** |

**ҚАУЛЫ** **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

2017 жылғы 26 сәуір № 294

Аягөз қаласы город Аягоз

**Мемлекеттік кәсіпорынды тарату туралы**

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 49, 50 баптарын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 2 тармағын, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18 бабының 7) тармағын, 130 бабының 1 тармағын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 «Жекешелендірудің 2016 - 2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қаулысының 5 тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Аягөз ауданының әкімдігінің «Қалалықүйкомшарқұрылыс» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) таратылсын.

2. «Аягөз ауданы Аягөз қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне (С.Кальясов) Кәсіпорынның таратылуы туралы уәкілетті органдарға жазбаша түрде хабарлау жүктелсін.

3. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Кәсіпорынды тарату комиссиясы құрылсын.

4. Кәсіпорынды тарату комиссиясына қолданыстағы заңнамаға сәйкес тәртіп пен мерзімде осы қаулыдан туындайтын барлық іс-шараларды атқару жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б.Нукибаевқа жүктелсін.

**Аягөз ауданының әкімінің міндетін атқарушы** **Д. Жоргекбаев**

**001744**

Аягөз ауданы әкімдігінің
«26» сәуір 2017 жылғы
№ 294 қаулысына қосымша

Шаруашылық жүргізу құқығындағы Аягөз ауданының әкімдігінің «Қалалықүйкомшарқұрылыс» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынын тарату комиссиясы

Комиссия төрағасы

| | |
|---|---|
| Нукибаев Бауыржан Молдагалиевич | Аягөз ауданы әкімінің орынбасары |

Комиссия мүшелері

| | |
|---|---|
| Кальясов Санат Болатович | Аягөз қаласы әкімінің м.а. |
| Санаков Қайрат Советович | Шаруашылық жүргізу құқығындағы Аягөз ауданының әкімдігінің «Қалалықүйкомшарқұрылыс» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын директоры (келісімі бойынша) |

Комиссия хатшысы

| | |
|---|---|
| Ибраев Асхат Рамазанович | Аягөз қаласы әкімі аппаратының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі |